

Түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинаумен (дайындаумен), сақтаумен, өңдеумен және сатумен айналысатын шаруашылық субъектілерінің қызметін бақылауды күшейту жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 6 қаңтар N 23

Түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинаумен (дайындаумен), сақтаумен, өңдеумен және сатумен айналысатын шаруашылық субъектілерінің қызметін мемлекеттік бақылауды күшейту мақсатында:

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі:

"Қайталама қара және түсті металдар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 13 наурыздағы N 383 қаулысымен белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін заңды тұлғаларды анықтау жөнінде іс-шаралар жүргізсін және ашылған кемшіліктерді жою жөнінде іс-шаралар жүргізсін;

облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдерімен келісу бойынша түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинаумен (дайындаумен), сақтаумен, өңдеумен және сатумен айналысатын мамандандырылған ұйымдар желісін жетілдіру жөнінде ұсыныстар дайындасын.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2001.08.27. N 1105 , 2005.04.14. N 353 қаулыларымен.

2. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Қазақстан Республикасының Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі агенттігімен (қаржы полициясы) және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитетімен бірлесіп, рұқсаттық құжаттары жоқ түсті және қара металл сынықтары мен қалдықтарын қабылдау пункттері қызметінің жолын кесу жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырсын және олардың іске асырылу барысы туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне тоқсан сайын ақпарат беріп отырсын. <*>

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2003.02.06. N 135 , өзгерту енгізілді - 2004.09.06. N 936 , 2005.04.14. N 353 қаулыларымен.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Сыртқы экономикалық қызметі тауар номенклатурасының* (бұдан әрі - ЕурАзЭҚ СЭҚ ТН) 7204** кодтары бойынша қара және түсті металдардың сынықтары мен қалдықтарын, сондай-ақ ЕурАзЭҚ СЭҚ ТН

7302, 8607** кодтары бойынша қолданыста болған рельстерді, темір жол төсеніші мен жылжымалы құрамның элементтерін Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан контрабандалық әкетудің жолын кесу мақсатында тек қана темір жол және теңіз көлігімен экспорттауға рұқсат берсін.

* Тауар номенклатурасы тауардың ЕурАзЭҚ СЭҚ ТН кодымен де, атауымен де белгіленеді.

** Көлік түрлері бойынша экспортты шектеу көрсетілген тауарлар нақты жағдайда баратын елі болып табылатын Еуропалық Одаққа мүше елдердің аумағына экспортталған жағдайда қолданылмайды.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2005.04.14. N 353 , өзгерту енгізілді - 2007.11.16. N 1090 қаулыларымен.

3-1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті қара және түсті металдардың сынықтары мен қалдықтарының, сондай-ақ бұрын қолданыста болған рельстердің, темір жол төсеніші мен жылжымалы құрам элементтерінің транзиті кезінде ілеспе құжаттарда көрсетілген жүктің нақты болуына бақылауды күшейтсін.

Ескерту. 3-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2005.04.14. N 353 қаулысымен.

4. <*>

Ескерту. 4-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2000.03.13. N 383 қаулысымен .

5. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі 2000 жылдың 1 наурызына дейін мерзімде осы қаулының қабылдануына байланысты қолданылып жүрген заңдарды жетілдіру жөнінде ұсыныстар дайындасын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізсін.

6. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері Энергетика, индустрия және сауда министрлігіне осы қаулыны іске асыруда жәрдем көрсетсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК